

## 2009 жылғы 1 сәуірдегі сақтандыру нарығының ағымдағы жағдайы

### Сақтандыру сыйлықақылары


Жылдың басынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемі өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінде жиналған көлемінен 42,7%-ға азайып, 25 037,4<sup>1</sup> млн. теңге болды.

### Сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі

*млн. теңге*

Сақтандыру сыйлықақыларының	01.04.2008ж.		01.04.2009ж.		01.04.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	43 704,5	100,0	25 037,4	100,0	-42,7
Міндетті сақтандыру	5 663,8	12,9	6 073,2	24,3	7,2
Ерікті жеке сақтандыру	6 195,9	14,2	5 467,9	21,8	-11,7
Ерікті мүлдітік сақтандыру	31 844,7	72,9	13 496,2	53,9	-57,6

Міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі өткен жылдың осындай көрсеткішінен 7,2%-ға өсіп, ерікті жеке сақтандыру бойынша кему 11,7%-ды, ерікті мүлдітік сақтандыру бойынша кему – 57,6%-ды құрады.



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша келіп түскен сақтандыру сыйлықақыларының құрылымына қатысты мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 64,6% (3 921,3 млн. теңге) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 27,1% (1 645,1 млн. теңге) қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша түскен, 3,0% (184,1 млн. теңге) қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объект иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру және басқалар бойынша – 5,3% түскен.

<sup>1</sup> сомасы қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр.

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің 16,1% (880,6 млн. теңге) жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша түскен, аурулардан сақтандыру бойынша – 53,7% (2 934,7 млн. теңге), өмірді сақтандыру бойынша – 4,9 % (270,1 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 25,3% (1 383,0 млн. теңге) болып келеді.

**ерікті мүліктік сақтандыруда** – басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша - 16,3% (2 199,8 млн. теңге), мүлікті сақтандыру бойынша (автокөлікті, әуе, теміржол, су көліктерін және жүктерді сақтандыруды қоспағанда) – 48,0% (6 483,3 млн. теңге), азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру бойынша (автомобиль көлігі, әуе көлігі және су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін қоспағанда) – 12,6% (1 694,3 млн. теңге) және басқалар бойынша – 23,1% болды.

Сақтандыру салалары бойынша (life, non-life) жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі былайша көрініс алады:


Сақтандыру салалары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының келіп түсуі	01.04.2008ж.		01.04.2009ж.		01.04.2008ж. салыстырғандағы өзгерістер, %-бен
	Сомасы	үлесі, %-бен	Сомасы	үлесі, %-бен	
Сақтандыру салалары бойынша барлығы	43 704,5	100,0	25 037,4	100,0	-42,7
Өмірді сақтандыру	1 231,8	2,8	1 653,1	6,6	34,2
Жалпы сақтандыру	42 472,7	97,2	23 384,3	93,4	-44,9

млн. теңге

**"Өмірді сақтандыру" саласы.** 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша "өмірді сақтандыру" саласында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 1 653,1 млн. теңге болды, бұл өткен жылдың осындай күніне қарағанда 34,2%-ға көп. Жиынтық сыйлықақылардағы "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жиналған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі есептік кезеңде 2008 жылғы 1 сәуірдегі 2,8%-ға қарсы 6,6% болды.


**"Жалпы сақтандыру" саласы.** "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша 2009 жылғы қаңтар – наурыз айларында жиналған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 23 384,3 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы осындай кезеңге қарағанда 44,9% -ға аз.

"Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімінің құрылымы



□ өмірді сақтандыру ■ аннуитеттік сақтандыру

"Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру сыйлықақылары түсімдерінің құрылымы



- мүлікті сақтандыру
- басқа қаржылық шығындардан сақтандыру
- азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру
- көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру
- автокөлікті сақтандыру
- сақтандырудың өзге сыныптары

## Қайта сақтандыру


Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 15 732,5 млн. теңге немесе сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 62,8%-ы болды. Бұл ретте, резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жиынтық көлемінің 54,3 %-ы берілді.

Қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қабылдаған сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 12 616,0 млн.теңге болды. Бұл ретте, резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 10 151,3 млн.теңге болды.

млн. теңге

Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақылары	01.04.2008ж.		01.04.2009ж.	
	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %-бен	Сомасы	жиынтық сыйлықақыл ардағы үлесі, %-бен
Қайта сақтандыруға берілген барлығы, оның ішінде	20 664,6	47,3	15 732,5	62,8
резидент еместерге	18 247,7	41,8	13 593,6	54,3
резиденттерге	2 416,9	5,5	2 138,9	8,5
Резидент еместерден қайта сақтандыруға қабылданған барлығы	5 054,6	11,6	10 151,3	40,5

#### Елдер бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының құрылымы



Қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасында негізгі үлесті ерікті мүліктік сақтандыру бойынша сыйлықақылар – 90,0%, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 0,6 %, міндетті сақтандыру бойынша – 9,4% болды.

#### Сақтандыру төлемдері

2009 жылғы бірінші тоқсанда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы көлемі өткен жылдағы осындай кезеңмен салыстырғанда 62,4%-ға азайып, 5 223,1<sup>2</sup> млн. теңге болды. Бұл ретте, қайта сақтандыру ұйымдарынан қайта сақтандыру бойынша өтеу есебінен сақтандыру төлемдерінің үлесі 13,2% (691,5 млн. теңге) болып отыр.

млн. теңге

Сақтандыру төлемдері	01.04.2008ж.		01.04.2009ж.		01.04.2008ж. салыстырғандағы өзгеріс
	сомасы	үлесі, %-бен	сомасы	үлесі, %-бен	
Барлығы, оның ішінде мыналар бойынша:	13 883,7	100,0	5 223,1	100,0	-62,4
Міндетті сақтандыру	1 852,2	13,3	2 044,4	39,1	10,4
Ерікті жеке сақтандыру	1 600,0	11,5	1 782,3	34,1	11,4
Ерікті мүліктік сақтандыру	10 431,5	75,2	1 396,4	26,8	-86,6


<sup>2</sup> сома қайта сақтандыруға қабылданған шарттар бойынша жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерін шегергенде көрсетіліп отыр

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру сыныптары бойынша жасалған сақтандыру төлемдерін қарастырған кезде мынаны айта кетуге болады:

**міндетті сақтандыруда** – көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша 49,6% (1 015,1 млн.теңге), қызметкердің еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде олардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру бойынша төлемдер 43,9% (896,9 млн. теңге), өсімдік шаруашылығын сақтандыру бойынша 6,4% (130,1 млн. теңге) және басқалар бойынша - 0,1% болды;

**ерікті жеке сақтандыруда** – сақтандыру төлемдерінің 70,2% (1 251,2 млн. теңге) аурулардан сақтандыру бойынша, жазатайым жағдайлардан сақтандыру бойынша – 11,2% (199,7 млн. теңге), аннуитеттік сақтандыру бойынша – 15,2% (270,6 млн. теңге) және өмірді сақтандыру бойынша - 3,4% (60,7 млн. теңге) болды;

**ерікті мүлдіктік сақтандыруда** – 44,3% (618,7 млн. теңге) басқа да қаржылық шығындардан сақтандыру бойынша, автомобиль көлігін сақтандыру бойынша – 30,4% (424,2 млн. теңге), мүлдікті сақтандыру (автокөлікті, әуе, теміржол, су көлігін және жүкті сақтандыруды қоспағанда) бойынша – 10,1% (140,9 млн. теңге), басқалар бойынша – 15,2% болды.



2009 жылғы бірінші тоқсанда жасалған сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы бойынша сақтандыру төлемдерінің ең көп көлемі аурулардан сақтандыру бойынша, төлемдердің жиынтық сомасының 24,0%-ы болды.

### Сақтандыру рыногы жөнінде жалпы мәліметтер

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығында 44 сақтандыру ұйымы (оның ішінде: 7 - өмірді сақтандыру бойынша), 12 сақтандыру брокері және 63 актуарий өз қызметтерін лицензия негізінде жүзеге асырды.

Сақтандыру секторының институционалды құрылымы	01.04.2008ж.	01.04.2009ж.
Сақтандыру ұйымдарының саны, оның ішінде:	41	44
өмірді сақтандыру бойынша	7	7
Сақтандыру брокерлерінің саны	14	12
Актуарийлер саны	49	63

Есепті күнге 33 сақтандыру ұйымы «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылды.

**Капитал.** 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталының жиынтық мөлшері 169 489,6 млн. теңге болды.

млн. теңге

Қаржы көрсеткіштері	01.04.2008ж.	01.04.2009ж.	01.04.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
Жиынтық активтер	261 206,2	294 789,1	12,9
Міндеттемелер	123 050,5	125 299,5	1,8
оның ішінде сақтандыру резервтері	105 767,7	104 006,7	-1,7
басқа да міндеттемелер	17 282,8	21 292,8	23,2
Меншікті капитал (баланс бойынша)	138 155,7	169 489,6	22,7

**Активтер.** Сақтандыру ұйымдары активтерінің жиынтық көлемі 2009 жылғы 1 сәуірде 294 789,1 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 сәуірдегі осындай көрсеткіштен 22,9 %-ға көп, оның ішінде:


млн. теңге

Активтер	01.04.2008ж.		01.04.2009ж.		01.04.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %-бен	сомасы	үлесі, %-бен	
Қолма-қол ақша	6 955,8	2,7	14 244,6	4,8	2,1 есе
Орналастырылған салымдар	71 702,0	27,4	71 574,6	24,3	-0,2
Бағалы қағаздар	76 453,8	29,3	101 748,6	34,5	33,1
«Кері РЕПО» операциясы	22 577,7	8,6	15 538,1	5,3	-31,2
Сақтанушылардан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйлықақылары	26 855,0	10,3	26 038,9	8,8	-3,0
Негізгі қаражат	4 155,0	1,6	4 238,3	1,4	2,0
Қайта сақтандыру активтері	39 603,5	15,2	46 556,4	15,8	17,6
Басқа дебиторлық берешек	8 246,5	3,2	10 231,5	3,5	24,1
Басқа активтер	4 656,9	1,7	4 618,1	1,6	-0,8
Активтер жиынтығы	261 206,2	100,0	294 789,1	100,0	12,9

**Міндеттемелер.** 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының міндеттемелер сомасы 125 299,5 млн. теңге болды, бұл былтырғы жылдың осыған ұқсас күніне қарағанда 1,8%-ға көп.

Есепті күнде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған міндеттемелерді орындауды қамтамасыз ету үшін қалыптастырған сақтандыру резервтерінің көлемі 104 006,7 млн. теңге болды, бұл 2008 жылғы 1 сәуірде қалыптасқан резервтердің көлемінен 1,7%-ға аз.

Активтердің, меншікті капиталдың және сақтандыру резервтерінің динамикасы, млрд. теңгемен




## Инвестициялық портфель

млн. тенге


Инвестициялық портфель	1.04.2008ж.		1.04.2008ж.		01.04.2008 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, %-бен
	сомасы	үлесі, %-бен	сомасы	үлесі, %-бен	
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары	13 520	7,9	24 592	13,0	81,9
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	71 702	42,0	71 575	37,9	-0,2
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	-	-	-	-	-
Инвестициялық қорлардың пайлары	-	-	135	0,1	-
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	61 071	35,8	66 367	35,1	8,7
Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік бағалы қағаздары	1 529	0,9	1 309	0,7	-14,4
ҚР резиденттер емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	312	0,2	9 347	5,0	29,9 есе
«Кері РЕПО» операциялары	22 578	13,2	15 538	8,2	-31,2
Жиынтығы	170 712	100,0	188 863	100,0	10,6

Структура инвестиционного портфеля по состоянию на 01.04.2008г. (%)



- ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары
- Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар
- ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары
- Инвестициялық қорлардың пайлары
- Шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары
- Резиденттер емес эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары
- "Кері РЕПО" операциялары

01.04.2009ж. жағдай бойынша инвестициялық портфельінің құрамы



Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының инвестициялық портфельін қарастыру кезінде 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының абсолюттік мәнінде өсуі байқалады, есепті күнде инвестициялық портфельінің жалпы көлеміндегі үлесі 2008 жылғы 1 сәуірдегі 7,9%-ға қарсы 13,0%-ды құрайды.

### Сақтандыру нарығының шоғырлануы

Қаралған кезеңде сақтандыру нарығының сақтандыру сыйлықақылары мен сақтандыру төлемдері бойынша шоғырлану деңгейінің өсуі байқалады. 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесіне жиынтық сақтандыру сыйлықақылардың 61,8%-ы және сақтандыру төлемдерінің 48,5%-ы келеді.

Сақтандыру нарығының жиынтық активтерінің ішінде бес ірі сақтандыру компанияларының үлесі 60,2%-ды құрайды.

<b>Сақтандыру нарығының жиынтық көрсеткіштерінен үлесі, %-бен</b>	<b>01.04.08ж.</b>	<b>01.04.09ж.</b>
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	57,8	61,8
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру сыйлықақылары	76,2	75,8
Бес ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	44,1	48,5
Он ірі сақтандыру компаниясының сақтандыру төлемдері	62,7	70,6
Бес ірі сақтандыру компаниясының активтері	53,2	53,3
Бес ірі сақтандыру компаниясының меншіктік капиталы	51,8	60,2

### **Сақтандыру секторының негізгі көрсеткіштері**

	<b>01.04.08ж.</b>	<b>01.04.09ж.</b>
<b>ЖІӨ, млрд. теңге</b>	15 936,5	16 724,1 <sup>3</sup>
Сақтандыру сыйлықақыларының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,27	0,15 <sup>4</sup>
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,87	1,01
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	1,64	1,76
Сақтандыру сыйлықақыларының халықтың жан басына шаққандағы қатынасы, теңгемен <sup>5</sup>	2 820	1 585

Ақпаратты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі дайындады.

<sup>3</sup> - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің 2009 жылғы 1 сәуірдегі деректері бойынша

<sup>4</sup> - 2009 жылғы қаңтар-наурыз айларында қабылданған сақтандыру сыйлықақылары

<sup>5</sup> - Статистика агенттігінің деректері бойынша ҚР халқы 01.03.2009 ж. бойынша 15 797 297 адам.